

Әкімдіктің 2009 жылғы 20 қантардағы № 45 "Облыстық бюджет қаражаты есебінен ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін және кемінде жиырма бес процент жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгіленетін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы әкімдігінің 2011 жылғы 20 шілдедегі № 292 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 11 тамызда № 3771 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 ақпандығы № 71 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 71 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238 -бабының 3-тармағына және "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы № 394-е бұйрығына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕД:**

1. "Облыстық бюджет қаражаты есебінен ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін және кемінде жиырма бес процент жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгіленетін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 20 қантардағы № 45 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3670 болып тіркелген, 2009 жылғы 25 ақпранда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулының қосымшасында:

2-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"2. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

1. директор;
2. менгеруші (басшы);
3. әлеуметтік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары;
4. медициналық жұмыс жөніндегі директордың орынбасары;
5. медициналық бөлімнің менгерушісі;

6. дезинфектор;
  7. әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
  8. барлық мамандықтағы дәрігерлер;
  9. барлық мамандықтағы нұсқаушылар;
  - 10 мейірбикелер;
  11. дәріхана менгерушісі;
  12. фармацевт;
  13. акушер;
  14. фельдшер;
  15. лаборант;
  16. психолог;
  17. әдіскер;
  18. тәрбиеші;
  19. логопед;
  20. барлық мамандықтағы мұғалімдер;
  21. мәдени ұйымдастырушы;
  22. музыкалық жетекші;
  23. кітапханашы;
  24. әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңес беруші;
  25. күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер.".
2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай

облысының әкімі

*C. Кулагин*

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облыстық

мәслихатының хатшысы

С. Төкенов